

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## Су асты әлемі

ЖАРИЯЛАНДЫ  
13.05.2022СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/120798/**«Қолданбалы сәндік өнер» үйірме жетекшісі:****Әміре Гүлмарал Арманқызы****Тақырыбы: Су асты әлемі. Коллаж.**

**Мақсаты:** Мұғалімдердің іс-тәжірибесіне сүйене отырып жаңа әдіс-тәсілдерді оқу-тәрбие үдерісіне енгізу тиімділігін түсіндіру. Жаңа әдіс-тәсілдерді тәжірибеде қолдана отырып біліктілік алмасу.

**Міндеті:**

- Педагогтардың кәсіби қарым – қатынасына, өзін – өзі жүзеге асыруына жағдай жасау және шығармашылық әлеуетінің өсуін ынталандыру.
- Коллаж техникасын үйрету.
- Мұғалімдердің кәсіби шеберлігі мен біліктілігін арттыру.

**Көрнекілігі:** Мұғалімдерге арналған нұсқаулық, слайдтар, суреттер

компьютер, қажетті құрал – жабдықтар.

**Ұйымдастыру кезеңі:**

1. Сәлемдесу
2. Кіріспе. Коллаж туралы жалпы мағлұмат беру.
3. Тәжірибелік бөлім. Коллаж техникасы арқылы «су асты әлемін» бейнелеу. Жасалу техникасы.
4. Қорытындылау.
5. Кері байланыс

**Кіріспе.**

**Коллаж** дегеніміз — бір бетке әртүрлі типтегі және шығу тегіндегі кескіндерді, фрагменттерді және материалдарды біріктіру, жабыстыру немесе қабаттастырудан тұратын екі өлшемді пластикалық өнер техникасының атауы.

Сөз коллаж француз коллерінен шыққан, бұл беткі жағуды, жабысуды немесе жабысуды білдіреді.

Техниканың мақсаты — әртүрлі текстураларды немесе бейнелі және тұжырымдамалық ассоциацияларды шақыруға ұмтылу. The коллаж суретшіге немесе шеберге фотосуреттердің, маталардың, газеттердің, журналдардың, қағаздардың, картонның, тығынның, былғарыдың, үгінділердің, қарындаштың үгінділерінің, металдың, пластиктің, ағаштың және т.б. сынықтарын біріктіруге мүмкіндік береді.

### **Тәжірибелік бөлім.**

#### **Қажетті құрал - жабдықтар:**

- Диаметрі 30 см тәрелке
- ПВА желімі
- Сұйық эмульция
- Құрылыс щеткасы және қылқаламдар
- Шаш кептіргіш
- Гуащь бояуы
- Аквариум және өзен тастары
- Майшам (парафин) және ыстық желім
- Әрлеуші

#### **Жұмыстың орындалу реті.**

1. ПВА желімі мен ақтықты (эмульция) ыдыста жақсылап араластырамыз.
2. Дайын болған сұйықтықты диаметрі 30 см болатын тәрелкеге құрылылыс щеткасының көмегімен жағып шығамыз. Кепкенін күтеміз.
3. Арнайы ыдысқа түрлі – түсті гуащь бояуын құйып дайындап аламыз.
4. Кепкен тәрелкенің бетіне түстерді үйлестіре отырып жағып шығамыз. Кепкенін күтеміз.
5. Дайын болған тәрелкенің үстіне әрлеуші (декор) тастарды орналастыра отырып су асты әлемінің бейнесін жасап шығамыз.
6. Орналастырған тастарды ыстық желім және ерітілген майшаммен желімдеп қатырып шығамыз.
7. Соңғы өңдеу жұмыстары. Дайын болған бұйымды әсемдеу.

**Қорытындылау.** «Алтын сақа» әдісі.

**Кері байланыс.**

Жасалған жұмыстарды назарға ала отырып өзара талқылап баға беру. Шебер сыныпты аяқтау.

Назарларыңызға рахмет!

**Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының Шу ауданы білім бөлімінің  
“Өнер мектебі” коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны**

**ШЕБЕР СЫНЫП**

**Сабақтың тақырыбы : Су асты  
әлемі**

*/коллаж/*

**Үйірме жетекшісі : Әміре Гүлмарал**

**Арманқызы**

**Төлеби ауылы 2022 жыл**

Шебер сынып

Қатысушылар: Мұғалімдер

Өткізуші: Жаппарова Жанар

Шебер сынып

тақырыбы: «Ән-әуез сабағында оқушыларды өнерге баулу, жас таланттардың шығармашылық қабілетін шыңдау»

Сілтеме

Мұғалімдерге арналған нұсқаулық, бейнесюжеттер

Жалпы мақсаты:

Мұғалімдердің іс-тәжірибесіне сүйене отырып жаңа әдіс-тәсілдерді оқу-тәрбие үдерісіне енгізу тиімділігін түсіндіру. Жаңа әдіс-тәсілдерді тәжірибеде қолданудағы мұғалімдердің шеберлігі туралы бағыт-бағдар беру.

Оқу нәтижелері:

Осы тақырып мұғалімдерге:

Оқыту мен оқудағы жаңа әдіс-тәсілдердің қолдануы

Білім беруде әр оқушыға жеке көңіл бөледі:

Жаңа әдіс-тәсілдерді қолдануда оқушының білім алу үдерісі алға белсенді жылжитындығына көздері жетеді:

Жаңа әдіс-тәсілдерді қолдануда оқушылардың қызығушыларының артуы

Түйінді идеялар:

Оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдерді қолдану барысында оқушының сыни тұрғыдан ойлауы дамиды;

Жаттығулар:

I. «Жаңа әдіс-тәсілдер» туралы ой-пікірді ортаға салу.

II. Мұғалімдердің ой-пікірлерін толықтыру мақсатында теориялық білімді қосымша беріп отыру.

III. теориялық білімді практика жүзінде қолдануын бейне жазбадан сабақ үзіндісі арқылы көрсету

IV. Топтық жұмыс жүргізу «Жаңа әдіс-тәсілдерді қолданудағы менің шеберлігім» ой-пікірлерін тыңдау.

1. Қорытындылау «XXI ғасырдың тұлғасының бейнесі»

Кері байланыс

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.